

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Нуразхан Райхан Ержанқызы

«Алматыдағы тұрғын үй кешенін жылыту және желдету»

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛД**

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,ассоц.проф

 Алимова К.К.

«21» 05 2019ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Алматыдағы тұрғын үй кешенін жылыту және желдету»

Мамандығы 5В075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған

Нуразхан Р.Е.

Жетекші

техн.ғыл.д-ры, профессор

 Унаспеков Б.А.

«17» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., асоц. проф.

 Алимова К.К.

« 11 » 02 2019ж.

**Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нуразхан Райхан Ержанқызы

Тақырыбы: «Алматыдағы тұрғын үй кешенін жылыту және желдету»

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан №1210-б бұйырығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылдың «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері Ғимарат қабаттарының жобалары, бас фасадтың бағыты мен орналасу орны, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі а) Негізгі бөлім: Жобаның техникалық көрсеткіштері және ауаның есепті параметрлері. Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есебі. Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері. Желдету жүйесінің шешімдері мен есептері. Инженерлік жүйелерді пайдалануға қойылатын қауіпсіздік шаралары; ә) Құрылыс өндірісінің технологиясы; б) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Ғимараттың 1-ші және типтік қабаттарының жоспары; 2) Ғимараттың 9-ші қабаттарының жоспары; 3) Ғимараттың жертөле жоспары; 4) Желдету жүйесінің жоспары; 5) Желдету жүйесінің жертөле сұлбасы; 6) Күнтізбелік жоспар.




Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау

**КЕСТЕСІ**

Бөлімде атау, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	11.02.2019-29.03.2019	оралды
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	1.04.2019-19.04.2019	оралды
Экономика	22.04.2019-26.04.2019	оралды

Дипломдық жоба(жұмыс) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма  
бақылаушының аяқталған жобаға (жұмысқа) қойған  
**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З.Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	06.04.19	
Экономика	Б.А.Унаспеков техн.ғыл.д-ры, профессор	17.05.2019	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	20.05.19	

Жетекші

 Унаспеков Б.А.

Тапсырманы орындауға білім алушы

 (қолы) Нуразхан Р.Е

Күні

(қолы)  
«11» 02 2019ж.

## АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Алматы қаласындағы тұрғын үй кешенін жылыту және желдету жүйелері жобаланған.

Жылыту аспаптары салыстырылып, тиімді және заманға сай жабдықтар қолданылған. Гидравликалық есептеу кезінде құбырлардың диаметрі, судың жылдамдығы анықталған.

Желдету жүйесінде тұрғын үй қалыпты метеорологиялық жағдаймен қамтамасыз етіледі.

Күнтізбелік жоспар әртүрлі жұмыстардың орындалу мерзімін көрсетеді.

Жобаның экономика бөлімінде жылыту жүйесіндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысы, амортизациянды шығын, энергоресурстардың және материалдардың құны анықталады.

## АННОТАЦИЯ

В дипломной работе проектируется система отопления и вентиляции жилого дома в городе Алматы.

При проектировании системы отопления рассмотрены выгодные способы выбора по времени. При выполнении гидравлических расчетов выясняются диаметры труб и скорость воды.

В системе вентиляции жилого дома обеспечиваются устойчивым метеорологическим состоянием. В календарном плане показан очередной срок разных работ и технологические взаимосвязи.

В отделе экономики выясняется общая сумма капитала, амортизационные расходы, стоимость энергоресурсов, а также стоимость материалов.

## ABSTRACT

The purpose of this diploma project is designing the heating and ventilation of apartment building of Almaty.

At planning of the system of heating devices and advantageous methods of choice are compared after accordance of time. The diameters of pipes and speed of water turn out at implementation of hydraulic calculations.

In the system of ventilation the residential complex provided by the stable meteorological state. And also a labour and safety of technique measure protection is examined.

The next term of different works and technological intercommunications are shown in a calendar plan.

The lump sum of capital, depreciation charges, cost of energy resource, cost of materials, turns out in the department of economy.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b>	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жылыту жүйесі. Жобалауға берілген бастапқы деректер	8
1.1.2 Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есептері	8
1.1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы	12
1.2 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері	12
1.2.1 Жылыту аспаптарын таңдау	13
1.2.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	13
1.2.3 Жергілікті жылыту пунктін суараластырғышы	14
1.2.4 Жылыту жүйесінің материалдарының спецификациасы	15
1.3 Желдету жүйесінің шешімдері мен есептері	15
1.3.1 Ауа алмасу есебі	16
1.3.2 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі	16
1.3.3 Желдету қондырғыларын таңдау	17
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	18
2.1 Ұйымдық техникалық шаралар	19
2.2 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі	19
2.3 Еңбек шығындарын калькуляциялау	19
2.4 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	20
2.5 Көліктің қажеттілік есебі	20
2.6 Аз механизацияланған құрылыстардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі	22
2.7 Техничко-экономикалық көрсеткіштер	22
2.8 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	23
2.9 Еңбек қорғау	23
2.10 Қауіпсіздік техникасы	23
3 Экономика	26
3.1 Келтірілген шығын есебі	26
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	30
<b>ПАЙДАЛЫНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	31
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	32

## КІРІСПЕ

Аталған дипломдық жобада Алматы қаласындағы тұрғын үй кешенін жылыту және желдету жүйелері жобаланған.

Тұрғын үй ғимаратының ішкі ауасына және ондағы қоршау беттеріне температура беріп, оны қажетті деңгейде ұстап тұру үшін жылыту және желдету жүйесі қажет.

Жылыту жүйесі ғимаратқа жылыту аспаптары арқылы, сыртқа жоғалатын жылудың орнын толтыру және бөлмеде комфорттық жағдайларды ұстау үшін қажет. Үй-жайға керекті энергияның ішінде ең көп жылуды қолданылатын жылыту жүйесі. Жылыту жүйесі қысқы мерзімде жұмыс атқарады. Алматыда жылыту мерзімі 15-ші қазаннан 15-ші сәуірге дейін қосылады. Бұл кезде сыртқы ауа температурасы 8 °С ден төмен болады. Сыртқы ауаның температурасы ҚН-бойынша ең салқын 5 күн қабылданады. Яғни, жылыту қыс кезінде ғимараттардан жоғалған жылу мөлшерінің жасанды түрде толтырылуы үшін аса маңызды.

Дипломдық жобада жылыту жүйесі ретінде сулық жылыту жүйесі қабылданды. Ең бірінші кезекте сыртқы қоршауларының жылу техникалық есебі жүргізіледі. Содан кейін әр бөлмелердің сыртқы қоршауларынан жоғалатын жылу анықталады. Осы жоғалатын жылу арқылы жылыту жүйелерінің жылу аспаптарының және гидравликаның есебі жүргізіледі. Жобаланатын ғимараттағы желдету жүйесі қалыпты метеорологиялық жағдайлармен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ауаның тазалығы, деңгейге дейінгі бөлмедегі шуылдың азаюы, бір адамға шаққандағы таза ауаның минималды шығыны реттеледі. Адамның бөлмедегі сезімталдығы көптеген объективті және субъективті факторларға байланысты болады.

## **1 Негізгі бөлім**

### **1.1 Жылыту жүйесі. Жобалауға берілген бастапқы деректер**

Ғимараттың жылыту және желдету жүйесін жобалауға қажетті деректер қабылданады.

- қала аталуы: Алматы;
- қабат саны: 9;
- қабат биіктігі: 3,1м;
- екі құбырлы жылыту жүйесі;
- жылыту жүйесінің беретін құбырдың температурасы:  $t_1 = 85^{\circ}\text{C}$ ;
- жылыту жүйесінің қайтатын құбырдың температурасы:  $t_2 = 60^{\circ}\text{C}$ ;
- сыртқы ауаның есепті температурасы (ең салқын бес күндіктің): минус  $20,1^{\circ}\text{C}$ ;
- жылыту мерзімі кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы: минус  $8,1^{\circ}\text{C}$ ;
- жылыту мерзімінің ұзақтылығы: 164 тәулік;
- жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы: 5,2 м/с.

#### **1.1.2 Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есептері**

Жылыту жүйесін жобалау және пайдалану үшін жылутехникадан теориялық негіздер жайында мәліметтер болу қажет. Энергияны сақтау және түрлендірудің жалпы заңының бір саласын жылу құбылыстарына пайдалануға болады. Температура айырымы жылу тасымалдау процесінің қоздырушы күші болып табылады, ал тасымалданатын жылу шамасы дененің кеңістігіндегі температураның үлестіру сипатымен, яғни температуралық өріспен байланысты болады. Температуралық өріс деп уақыттың белгілі кезеңіндегі дененің барша нүктелеріндегі температура мәндерінің жиынын айтамыз. Температура уақыт бойынша өзгертін жағдайда температуралық өріс қалыптаспаған, ал өзгермейтін жағдайда қалыптасқан болады. Ішкі және сыртқы ауа қатынасы сыртқы қоршаулар арқылы қарастырылады. Жылу берудің бізге мәлім үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылу өткізгіштік. Сыртқы қоршауларда жылу өткізгіштік түрі мол.

Жылу техникалық есеп жылытылатын мерзімде ғимараттың барлық сыртқы қоршауларына бөлменің және қоршаушы құрылымдардың эксплуатациялық шарттары мен санитарлы-гигиеналық талаптарын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс.

Жылу техникалық есепті орындауға қажетті негізгі қажеттіліктер мынадай: жылдың салқын мерзіміндегі ішкі және сыртқы ауаның термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары.



Жобада қарастырылатын көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының сыртқы қоршауларының жылу техникалық есептеуін өткізу үшін бөлмелерінің тағайындалуы мен пайдалануын білу қажет, себебі олардың ішкі ауа температурасы, ылғалдылығы санитарлық нормалар және ережелермен беріледі. Сыртқы қоршаудың ішкі бетіндегі температурасы, ылғалды нүктедегі температурадан артық болу керек, кем дегенде 2-3°C.

Сыртқы қоршаулардың жылу тарату кедергісін энергия өнімдеу шарттарын ескерумен анықтауға болады, ол үшін жылыту мезгілінің градус-тәулігі (ЖМГТ) анықталады

$$\text{ЖМГТ} = (18+0,4) \cdot 164 = 3018$$

ЖМГТ мәні бойынша сыртқы қоршаулардың жылу таратуға келтірілген кедергілері анықталады.

### 1.1 Кесте - Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градус-тәулігі, °С·тәул.	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, $R_o^{np}$ , м <sup>2</sup> ·°С/Вт			
		қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	шатырлық, салқын еденасты мен ұясты қабаты жабындарының	терезелердің және балкон есіктерінің
Тұрғын үй ғимараты	4000	2,4	2,7	3,6	0,40
	6000	3,0	3,4	4	0,50

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін, оларың жылу өткізгіштік коэффициенттері анықталады

$$k = \frac{1}{R_o^{np}}, \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°С} . \quad (1.1)$$

Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының жалпы жоғалатын жылуын анықтау үшін қоршаушы құрылымдар ретінде сыртқы қабырғалар, терезелер, шатырлық жабындар, едендер қарастырылады.

а) Сыртқы қабырға

$$1) \frac{0,6}{2000} = 0,0003$$

$$2) 3018 - 2000 = 1018$$

$$3) 0,0003 \cdot 1018 = 0,304;$$

$$4) R_0^{np} = 2,4 + 0,3 = 2,7 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт};$$

$$5) K_{ск} = \frac{1}{2,76} = 0,362 \text{ Вт} / \text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

б) Төбе жабыны

$$1) \frac{0,8}{2000} = 0,0004;$$

$$2) 3018 - 2000 = 1018;$$

$$3) 0,0004 \cdot 1018 = 0,407;$$

$$4) R_0^{np} = 3,6 + 0,4 = 4,0 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт};$$

$$5) K_{тж} = \frac{1}{4,03} = 0,248 \text{ Вт} / \text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

в) Еден

$$1) \frac{0,7}{2000} = 0,00035;$$

$$2) 3018 - 2000 = 1018;$$

$$3) 0,00035 \cdot 1018 = 0,356;$$

$$4) R_0^{np} = 2,7 + 0,356 = 3,05 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт};$$

$$5) K_{еден} = \frac{1}{3,05} = 0,327 \text{ Вт} / \text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

г) Терезе

$$1) \frac{0,1}{2000} = 0,00005;$$

$$2) 3018 - 2000 = 1018;$$

$$3) 0,00005 \cdot 1018 = 0,05;$$

$$4) R_0^{np} = 0,4 + 0,05 = 0,46 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт};$$

$$5) K_{терезе} = \frac{1}{0,46} = 2,17 \text{ Вт} / \text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

1) Сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебі А.1 Суретте келтірілген

Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының сыртқы қабырғасының нормативті қажетті кедергісі анықталады

$$R_{oc} = \frac{1 \cdot (18 + 33)}{8,7 \cdot 4} = 1,1303 \text{ м}^2\text{C/Вт},$$

$$R_{o9} = 0,0003 \cdot 5611,5 + 1,2 = 2,883 \text{ м}^2\text{C/Вт}.$$

$R_{o9}$  мен  $R_{oc}$  теңестіріп, үлкенін  $R_o^{TP}$  деп аламыз. Яғни  $R_{o9} = R_o^{TP}$

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,02}{0,87} + \frac{0,25}{0,7} + \frac{\delta_3}{0,09} + \frac{0,12}{0,76} + \frac{1}{23} = 0,115 + 0,023 + 0,357 + \frac{\delta_3}{0,09} + 0,158 + 0,043$$

Сыртқы қабырғаның негізгі қабатының қалыңдығын анықтау үшін  $R_o = R_o^{TP}$  қабылдаймыз

$$R_o^{mp} = 2,883 = 0,696 + \frac{\delta_3}{0,09}.$$

Осы формуладан  $\delta_3$  қабаттың қалыңдығы анықталады

$$\delta_3 = (2,883 - 0,696) \cdot 0,09 = 0,2 \text{ м};$$

$$\delta_{жс} = \delta_1 + \delta_2 + \delta_3 + \delta_4 = 20 + 250 + 200 + 120 = 590 \text{ мм}.$$

Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының сыртқы қабырғасының қалыңдығы 590 мм тең деп қабылданады.

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,02}{0,87} + \frac{0,25}{0,7} + \frac{0,2}{0,09} + \frac{0,12}{0,76} + \frac{1}{23} = 2,918 \text{ м}^2\text{C/Вт}.$$

2) Төбе жабынның жылу техникалық есебі А.2 Суретте келтірілген ЖМГТ -ты көрсеткішіне байланысты төбелік жабын үшін келтірілген кедергісін қабылдаймыз  $R_o^{TP} = 2,883 \text{ м}^2\text{C/Вт}$

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,25}{1,62} + \frac{0,01}{0,17} + \frac{\delta_3}{0,043} + \frac{0,15}{0,14} + \frac{1}{23} = 0,115 + 0,154 + 0,059 + \frac{\delta_3}{0,043} + 1,071 + 0,043;$$

$$\delta_3 = (2,883 - 1,442) \cdot 0,043 = 0,06 \text{ м}.$$

Оқшаулағыш қалыңдығын 0,06 м деп қабылдаймыз.

$$\delta_{жс} = \delta_1 + \delta_2 + \delta_3 + \delta_4 = 250 + 10 + 60 + 150 = 470 \text{ мм}.$$

Төбелік жабынның жалпы жылу өткізу кедергісін анықталады

$$R_0 = \frac{1}{8,7} + \frac{0,25}{1,62} + \frac{0,01}{0,17} + \frac{0,06}{0,043} + \frac{0,15}{0,14} + \frac{1}{23} = 2,884 \text{ м}^2\text{°C/Вт.}$$

3) Еденнің жылу техникалық есебі А.3 Суретте келтірілген ЖМГТ -ты көрсеткішіне байланысты еден үшін келтірілген кедергісін қабылдаймыз  $R_0^{\text{TP}} = 1,68 \text{ м}^2\text{°C/Вт}$

$$R_0 = \frac{1}{7,6} + \frac{0,2}{1,92} + \frac{0,15}{0,93} + \frac{\delta_3}{0,076} + \frac{1}{23} = 0,131 + 0,104 + 0,161 + \frac{\delta_3}{0,076} + 0,043;$$

$$\delta_3 = (1,68 - 0,439) \cdot 0,076 = 0,09 \text{ м.}$$

Оқшаулағыш қалыңдығын 0,09 м деп қабылдаймыз.

$$\delta_{\text{жс}} = \delta_1 + \delta_2 + \delta_3 = 200 + 150 + 90 = 440 \text{ мм.}$$

Еденнің жалпы жылу өткізу кедергісін анықталады

$$R_0 = \frac{1}{7,6} + \frac{0,2}{1,92} + \frac{0,15}{0,93} + \frac{0,1}{0,076} + \frac{1}{23} = 1,75 \text{ м}^2\text{°C/Вт.}$$

### 1.1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Жылыту жүйесін жобалау үшін бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылу мөлшері қажет. Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын негізгі жылу мөлшері А.1 Кестеде көрсетілген.

### 1.2 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері

Жылыту жүйесі – негізінен, бұл өз ара байланыстары бар конструктивтік элементтердің қосындысы, олар жылытатын бөлмеге қажетті жылу шығынын өнімдеп, одан кейін таратып беру үшін арналған. Негізгі элементтері - жылу көзі, жылу құбырлары, жылыту аспаптары болып келеді. Жылыту жүйелерінде жылутасымалдағыш қазан немесе жылуалмастырғышта қыздырылады, содан кейін құбырлармен жылыту аспаптарына келіп түседі. Жылутасымалдағыштың жылуы жылыту аспаптар арқылы бөлмеге беріледі.

Бұл жобада орталықтандырылған 2 құбырлы сулы төменгі таратумен жылыту жүйесі қабылданды.

Сыртқы жылу желісінен тасымалдағыш  $150^{\circ}\text{C}$  температурасымен ғимараттың жергілікті жылыту пунктіне (ЖЖП) келеді, бұл жерде жылыту жүйесінің санитарлы - гигиеналық талабына сәйкес тасымалдағыштың температурасы  $70^{\circ}\text{C}$  дейін жылуалмастырғышта төмендетіледі. ЖЖП-дан тасымалдағыш құбырлар арқылы бөлмелерге таратылады.

Құбырлар жылыту жүйелерінің негізгі элементінің бірі болып табылады, олар арқылы жылыту аспаптары жылуөндіргіш қондырғылармен жалғастырылады. Орталықтандырылған жылыту жүйелерінде құбырлар жылуды есепті мөлшерімен жылыту аспаптарына жеткізуге және суыған жылутасымалдағышты одан қайтаруға арналады.

### **1.2.1 Жылыту аспаптарын таңдау**

Сумен жылыту жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі – жылыту аспаптары, олар жылутасымалдағыш жылуын бөлме ауасына беруге арналған. Жалпы жылу аспаптарының есебінің мақсаты – жылыту аспаптары бөлмеден жоғалатын жылу мөлшерінің орнын толтырып тұруға жеткілікті қызу шығаратын бет ауданын табу. Жылутасымалдағыштан жылу бөлмеге жылыту аспаптарының қабырғасы арқылы беріледі. Жылыту аспаптарының бет ауданына, оның түріне, орнатылған орнына, қабырғаларға қосылу сұлбесіне және басқа факторларға байланысты болады.

### **1.2.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі**

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптимальды диаметрін таңдау;
- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Дұрыс есептелген жылыту жүйесінің гидравликалық есебі жүйенің жақсы жұмыс істеуін арттырады.

Сумен жылыту жүйелерін жобалауда гидравликалық есебін жүргізу үшін меншікті қысым жоғалу тәсілі кең қолданылады. Екі құбырлы жылыту жүйелерінде айналымды сақинаның саны жылыту аспаптарының санына тең.

Жүйенің гидравликалық кедергісі есепті айналымдағы қысыммен сәйкес келуі керек. Гидравликалық қысым жылыту жүйесінің жоғары және төмен қысымды нүктелерін анықтауға көмектеседі.

Жергілікті кедергілер есебі А.2 Кестеде келтірілген.

### 1.2.3 Жергілікті жылыту пунктiнiң суараластырғышы

Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының жергілікті жылу пунктi (ЖЖП) жертөледе орналасқан. Жобада жергілікті жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы ретiнде суараластырғыш элеватор қолданылады.

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желiсiнен келетiн тасымалдағыштың (судың) температурасы  $T_1(\tau_1)=150^{\circ}\text{C}$  жылыту жүйесiнiң талабына сәйкес  $t_1(\tau_3)=85^{\circ}\text{C}$  реттейдi. Элеваторлар шойын немесе болаттан стандарты өлшеммен №1÷№7 дайындалады, осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрi 15÷50 мм. Суағынды элеваторда үлкен жылдамдықпен соплонның тесiгiнен ағатын су айналасында төмендетiлген қысым аймағы пайда болады, сондықтан жылыту жүйесiнiң қайтатын құбырынан салқындаған су сору камерасына ағып барады. Жылыту жүйесiнiң жұмысы үшiн керек айналмалы қысым диффузордың соңындағы және элеватордың сору камерасының гидростатикалық қысымының әртүрлi болу арқасында пайда болады.

Элеваторлар жергілікті жылыту жүйесi үшiн керек, мұнда араластыру коэффициентiн керектi шекте өзгертiп, судың температурасын  $t_r$  ұстап тұруға мүмкiндiк бередi және талап етiлген сапалы – санды реттеудi iске асыруға болады. Араласқан судың ағысы бойыншада жылдамдығы аз соплонның тегiсiне қарағанда бiрақ су одан жоғары жылдамдықпен қозғалады.

Суағынды элеваторлар жұмыста қарапайым және пайдалануда сенiмдi болғандықтан кең қолданылады, ал кемшiлiктерi: ПӘКi кiшкентай, сыртқы жылумен қамту жүйесiнде апаттық жағдай кезiнде жылыту жүйесiнiң айналуы тоқтайды, араластыру коэффициентiнiң тұрақтылығы жылыту жүйесiнiң жергілікті сапалық реттеудi жояды. Бұл кемшiлiктi жою үшiн элеватор соплосының тесiгiнiң аймағына автоматтық түрде реттеу қолданылады

Жобада элеватор таңдау есебi:

1) Жылу желiсiнен түсетiн судың шығыны

$$G_{\text{ж.ж.}} = \frac{Q_{\text{ж.}}}{c \cdot (T_1 - T_2)} = \frac{161470}{4189(150 - 60)} = 0.4 \text{ кг/с.}$$

2) Элеватордың араластыру коэффициент

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)} = \frac{(150 - 95)}{(85 - 60)} = 2.2.$$

3) Жылыту жүйесiне түсетiн судың шығын

$$G_{\text{ж.ж.}} = \frac{Q_{\text{ж.}}}{c \cdot (t_1 - t_2)} = \frac{161470}{4189(85 - 60)} = 1.5 \text{ кг/с.}$$

4) Элеватордың мойынының диаметрі

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{G_{\text{жжс}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}} = 1,55 \frac{1,5^{0,5}}{5800^{0,25}} = 1,55 \frac{1,2}{8,72} = 0,21 \text{ см.}$$

5) Элеватордың сопласының диаметрі

$$d_c = \frac{0,21}{1 + 2,2} = 0,06 \text{ см} = 6 \text{ мм.}$$

б) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жжс}}^2}{d_c^4} = 6,3 \frac{0,4^2}{0,6^4} = 6,3 \cdot \frac{0,16}{0,1296} = 7,77 \text{ кПа.}$$

Қабылдаймыз: есептеуден шыққын  $d_c = 6 \text{ мм}$  және  $d_m = 0,21 \text{ см}$  мәндері арқылы элеватордың тиіпті стандарттық элеватор №3 таңдадым.

**1.2.4 Жылыту жүйесінің материалдарының спецификациасы А.3**  
Кестесінде келтірілген.

### **1.3 Желдету жүйесінің шешімдері мен есептері**

Желдету – жұмыс орындарындағы ауа алмасу, жұмыс аймағында немесе сол жұмыс істейтін орындарда қалыпты метеорологиялық жағдай мен (ылғалдылық, температура және ауа қозғалысы) қамтамасыз ету жатады.

Желдетудің негізгі мақсаты – бөлмедегі рұқсат параметрлі ауаны қалыпта ұстау – оған жетудегі бірнеше жолдары бар. Мысалы жылуды, көп қалыпты бөлмені қарапайым желдетумен (аэрациялы) желдетуге болады және бөлмедегі ауа алмастыру желдеткіш организациясымен немесе бөлмеге арнайы өңделген (суытылған) ауа жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Бөлмеде ауа айналасын орнату үшін желдету және салқындату системаларынан, санитарлы-гигиеналық нормаларға және технологиялық орнатылған нормаларға сай қанағаттандырушы құралды таңдау, берілген ғимаратқа оның қабаттарына, бөлме сипаттамаларына және жағымсыз бөлінулер шамасына байланысты. Желдетуді жобалауда системалардың жобасына, өндіріс жүйесін азайтуға тырысу керек. Мақсатты, конструктивті – жоспарлы шешім қабылдауда, техникалық процестерді минималды қауіпті бөлінуді кіргізе отырып, қауіпті бөліну орындарын құру қажет.

Желдету есебін шешу үшін, бөлменің жылулық режимінің жайлылығы есептеледі, қамтамасыздандыру коэффициентінің сыртқы және ішкі параметрлерінің есептелу таңдауы, қоршамалардың қорғау анықтамалары үшін, бөлмедегі жылу алмасу және жылу балансы, микроклиматты салқындатуда жүйенің жылыту қуаттылығы есебі.

Ауа баптау – жабық аудандардағы ауаның барлық немесе бөлек параметрлерін автоматты түрде ұстап тұру мақсаты оптималды метеорологиялық жағдайды, адамдардың өзін жақсы сезінуі және технологиялық процестерді қамтамасыз ету.

Жобада денсаулық сақтау орталығының желдету және ауа баптау жүйесі механикалық желдету болады.

### **1.3.1 Ауа алмасу есебі**

Ауа алмасу еселігі – бір сағат ішінде үй-жайға берілетін немесе одан шығарылатын ауа көлемінің үй-жай көлеміне қатынасы. Кей жағдайларда белгілі жылумен баланс құру жеткілікті болады. Ылғал алмасу процесі белсенді бөлмелерде міндетті түрде толық жылумен баланс құру керек, яғни су буларында болатын жабық жылу арқылы ауа алмасады.

Ғимараттардағы бөлмедегі ауа алмасу есебі мынадай әдістермен жүреді:

- а) жылулық баланс және ылғал бөліну;
- б) ауа алмасуының уақыттылығы;
- в) санитарлық мөлшер арқылы.

Бөлмедегі ауа алмасуын, жылу балансы бойынша есептеу үшін білу қажет: сыртқы құйылатын, жұмыс зонасы және бөлмеден кету ауа параметрлерін, бөлменің жылу балансын мезгілдің 3 кезеңімен жинақтайды. Жылы (ЖМЖ), (ЖМС) және ауыспалы (ЖМА) немесе ауыспалы жағдай (АЖ).

Ауа алмасу есебі А.4 Кестеде көрсетілген

### **1.3.2 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі**

Аэродинамика- гидроаэромеханика бөлімі, онда ауаның қимыл және күш заңдылықтары зерттеледі. Ауаның аэродинамикалық есебі, олардың көлденең бөлінуімен және де бөлек салалардан қысым жоғалту жүйелерімен, өлшемдерімен анықталады, бұл-тура амал. Кері амал да болады - ол ауа шығымын, ауа өткізгіштердің түрлі өлшемдерінде және белгілі қысым ауысу жүйесінде анықтауға болады. Ауа өткізгішпен ауа жүргенде кез-келген көлденең бөлінуде 3 түрлі қысымды анықтайды. Статикалық, динамикалық және толық. Статикалық қысым -  $1\text{ м}^3$  ауаның потенциалдық энергиясын анықтайды.



Желдету жүйелерінің аэродинамикалық есебі ауа алмасу есебін шығарған соң жасалады және ауа өткізгіштер жүретін жерді белгіленгеннен кейін жүргізіледі. Аэродинамикалық есепті орындау үшін алдымен жүйенің аксонометриялық сұлбасы салынады.

Аэродинамикалық есептеулер келесі жолмен жүргізіледі:

1) Жеке есепті учаскелердің жүктемесі анықталады. Олар тарамдардағы жүктемелер қосындысынан тұрады. Учаскелердегі ауа шығынының көлемі аксонометриялық сұлбада көрсетіледі.

2) Негізгі есепті айналымды сақина таңдалады. Бір-бірімен тіркелген учаскелердің ең ұзын бөлігі мен ондағы орнатылған түрлі жабдықтарды анықтайды, мысалы, ауа таратқыштар, ашпалы-жаппалы реттегіштер, т.с.с. Негізгі учаскелердегі ауа шығыны мен оның ұзындығын аэродинамикалық есептеу кестесіне кіргізеді.

3) Есепті айналымды сақина учаскелерін нөмірлейді. Негізгі бағыттағы учаскелерді ауа шығынының ең аз жерінен бастап нөмірлейді. Негізгі учаскелердегі ауа шығыны мен оның ұзындығын есептеу кестесіне енгізеді.

4) Есепті айналымды сақина учаскелеріндегі ауа өткізгіштің көлденең қимасын анықтайды.

Желдету жүйесінің емтихан сыныбы үшін аэродинамикалық есебі А.5 Кестеде көрсетілген.

### 1.3.3 Желдету қондырғыларын таңдау

Тұрғын үй ғимаратының жобасында ауа беру және ауа шығару жүйелерінде механикалық және табиғи желдету қарастырылған.

#### 1.2 – кесте - Желдету қондырғыларын таңдау

Жүйе	Агрегат қондырғысының типі	Қозғалтқыш			
		өнімділігі $i L$ , м <sup>3</sup> /сағ	қысымы $P$ , Па	қуаты $N$ , кВт	айналу жиілігі $n$ , айн/мин
Б1	СК 250 С	880	180	0,18	2420
Б2	СК 100 С	200	170	0,070	2460
Б3	СК 100 С	180	180	0,070	2460

## 2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Жұмыс өндірісінің жобасы жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, монтаждық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады.

Жұмыс өндірісінің толық жобасы мыналардан тұрады: жұмыс өндірісі бойынша нұсқамалар; еңбек шығындары мен еңбек ақының калькуляциясы; жұмысшыларға қажетті тоғыспа графигі; негізгі және көмекші материалдардың ақпарат тізімі; тиісті жинақтау механизмдері, аспаптары және бейім құралдарының ақпарат тізімі; технико-экономикалық көрсеткіштер; техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар.

Берілген дипломдық жобада жоғары нұсқамалы талаптардан басқа жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының технологиялық картасы, сонымен қатар құрылыс бас жоспары және уақытша жер асты инженерлік коммуникациялары (сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау) қарастырылады.

Жылыту жүйелерінің құрылғыларында жұмыстар бөлінеді: дайындау, жинақтау және қабылдап-тапсыру. Өзінің кезегінде жинақтау жұмыстары бөлінеді, алдыңғы жинақтау процестері және өзіне меншікті жинақтаулар. Жинақтау жұмыстарына мыналар жатады: объектіні техникалық құжаттармен қамту, жүйеге керекті бұйымдармен, жабдықтаулар мен ауатаратқыш жүйелерді жинақтау және объектіні жинақтауға дайындау.

Жинақтау жұмыстарына кіреді: ауатаратқыштарды және жылту жабдықтауларды орнату орынына жеткізу, жылту, желдету жабдықтауларын және ауатаратқыштарды жинақтау, орнатылған жүйелерді тексеру және оларды қолдануға тапсыру.

Өндіріс жұмыстары үшін құрылыс- жинақтау мекемесіне көрсетілетін техникалық құжаттардың ішіне сызулар мен сметалар кіреді.

Жұмыс түрлерінің құрам циклі бойынша ұйымдастыру жағынан ең тиімді болып есептеледі:

дайындау; дайын заттарды объектіге жеткізу; ұстатқыштарды белгілеу және орнату; жабдықтауды орнату; ауатаратқыштарды жинақтау; жүйені тексеруден өткізу; жіберу және жөндеу; жұмысты тапсыру.

Өндіріс жұмыстарының жобасына кіреді: өндіріс жұмыстары бойынша шешім; еңбек шығындарын есептеу және еңбек ақылары; күнтізбелік жоспар – өндірістік жұмыстың графигі; жұмысшыларға монтаждық құрама графигі; негізгі және қосымша материалдардың ақпарат тізімі; жинақтауға керекті механизмдер, бұйымдар және құралдар; техника-экономикалық көрсеткіштер; түсіндіргіш хатқа техника қауіпсіздігі туралы үкімдер кіргізу.

Бұл диплом жобасында, жоғарыда айтылған талаптардан басқа, ғимараттың орталық ауабаптауын жинақтау үшін, жинақтау картасы жасалады, сонымен қатар құрылыс генпланда уақытша имараттардың орналасуы және

уақытша инженерлік коммуникациялар орнатылады (су, электрэнергиясы, канализация).

## **2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар**

Жинақтау жұмысы жылыту жүйесінің бөлек бөлімдерінен өнімделеді. Жылыту жүйесі бойынша жинақтау жұмысын жүргізу кезінде жақын орналасқан су құбырлары мен энергиямен жабдықтау желілері, сонымен қатар объектке жақын жатқан автокөлік жолы пайдалануы мүмкін.

Ұйымдық-техникалық дайындық жұмыстары ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісінің ұйымы» сәйкес іске асырылады және оған қатысты шаралар Б.1 Кестеде келтірілген.

## **2.2 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі**

Жинақтау жұмысының көлемі ғимарат негізінен және жобаның конструктивті шешімімен анықталады, жинақтау процестерінің тізімдері жинақтау жұмысына жататын жабдықтардың пайдаланулыққа қатысты қабылданады. Осыған байланысты құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемінің ақпарат тізімі жасалады. Есеп қорытындысы Б.2 Кестеде келтірілген.

## **2.3 Еңбек шығындарын калькуляциялау**

Еңбек шығындарын калькуляциялау жұмысшылар сызбасының негізінен және жинақтау жұмысының таңдалған әдісі түсініктемесінен құрастырылады.

Бірыңғай нормалар және бағалар (ЕНиР) бойынша құрылыс, жинақтау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының шығындары, содан кейін объект бойынша көлемдері анықталады. Жұмыс номенклатурасында негізгі және қосымша жұмыс түрлері қарастырылады. Жұмыс күні 8 сағатқа созылатын бір аусымнан тұрады.

Құрылыстың өзіндік құны жұмыстың осы түрі көлем бірлігі өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбек сыйымдылығы адам-күн (аусым-күн) немесе адам-сағатпен (аусым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың осы түрі көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыстың ұзақтығы нақты құрылыс процесі жұмысының көлемін орындауға шығатын уақытпен (сағат, аусым, апта, ай) анықталады. Кешенді процестің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы процесті орындауға қабылданған әдіске (жүйелі, жарыспалы, тасқынды) байланысты. Есеп нәтижесі Б.3 Кестеде келтірілген.

## 2.4 Күнтiзбелiк жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигi

Күнтiзбелiк жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық моделi.

Күнтiзбелiк жоспардың жасалу тiзбегi мынадай:

- еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерiнiң номенклатурасы тағайындалады;
- звено құрамы және процестер бойынша нормативтi еңбек сыйымдылығы анықталады;
- сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың қосынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбiр процестiң орындалу ұзақтылығы анықталады.

Күнтiзбелiк жоспарды тұрғызу және есептеу үшiн қажеттi мәлiметтермен ақпарат тiзiмi құрастырылады, ол Б.4 Кестеде келтiрiлген .

Жұмысшылардың қозғалыс графигi барлық жинақтау жұмысы кезiнде жұмысшыларды бiр қалыпты пайдаланылуы және объектте олардың санының қысқартылу мүмкiндiгi қарастырылады. Ол күнтiзбелiк жоспардың ақпарат тiзiмi негiзiнде орындалады.

График дұрыс құрастырылуы кезiнде жұмысшылар қозғалысының бiрқалыпсыз коэффициентi 1,5-тен көп болмауы керек.

Қабылданады  $\Sigma Q = 98,5$  адам·күн және  $T = 24$  күн, жұмысшылардың орташа саны тең болады

$$n_{op} = \frac{98,5}{24} = 6 \text{ адам,}$$

$$K = \frac{13}{6} = 2.$$

Күнтiзбелiк жоспардың негiзгi деректерi жобалық құжаттама белгiлеуiне тәуелдi. Күнтiзбелiк жоспардың негiзгi параметрi уақыт периоды болып табылады. Жұмысты орындау графигiнде технологиялық карта құрамында жұмыстардың көлемi мен ұзақтылығына байланысты - күн, аусым, ал транспортты-монтажды графиктерiнде - сағат, минут.

## 2.5 Көлiктiң қажеттiлiк есебi

Жылыту жүйесiнiң жинақтау жұмысы кезiндегi тасымалдау жүктерi құбырлар және радиаторлар болып табылады. Транспорт түрi барлық жабдықтарды, оның габариттерi, тасымалдау арақашықтығы және тасымалдауға кеткен уақытты есепке ала отырып таңдалады.

Негiзгi транспорт түрi – ернеулi автокөлiгi болып табылады. Транспорт саны  $N$ , дана мына формула бойынша анықталады

$$N = \frac{Q}{P_{\text{тәу}} \cdot T}, \quad (2.1)$$

мұндағы  $Q$  – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады);  $Q = 10$  тонна;

$T$  – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$  – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/аусым мына формула бойынша анықталады

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (2.2)$$

мұндағы  $q$  – автокөліктің жүк көтергіштігі, 5 тонна деп қабылданады;

$n_p$  – аусымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{cp}}}\right) + t_n + t_p + t_m}, \quad (2.3)$$

мұндағы  $t_{\text{см}}$  – аусым ұзақтылығы, 8 сағ.;

$L$  – базаға дейінгі арақашықтық, 10 км;

$V_{\text{ор}}$  – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{\text{ти}}$  – жүкті тиеу уақыты, БНЖБ1 бойынша анықталады;

$t_{\text{т}}$  – жүкті түсіру уақыты:  $t_{\text{т}} = t_{\text{ти}} = 40$  мин;

$t_{\text{м}}$  – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03сағ.тең деп қабылданады.

Сонда аусымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады

$$n_p = \frac{8}{\left(2 \cdot \frac{10}{20}\right) + 1.9 + 1.9 + 0.03} = 2 \text{ рейс.}$$

Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{\text{тәу}} = 5 \cdot 2 = 10 \text{ т/аусым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{10}{10 \cdot 1} = 1 \text{ машина.}$$

Маркасы Hyundai HD-120 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 10 тонна. Есептен кейін жүкті тасымалдаудың ақпарат тізімі 2.1 Кестеге енгізіледі.

### 2.1 - кесте - Тасымалдау көлемінің ақпарат тізімі

Жүктердің аталуы	Өлш. бірл.	Саны	Транспорт түрі	Транспорт саны	Болу уақыты	
					баст.	Соңы
Құбырлар, радиаторлар, т.б	Тонна	10,4	Hyundai HD-120	1	30.05	31.05

### 2.6 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек.

Аспаптар қажеттілігі бригада жұмысшыларының санымен анықталады, ал оның номенклатурасы норма бойынша орындалатын жұмысқа қатысты қабылданады. Механизмдер мен құралдардың тізбегі техникалық карта және өндіріс техникасының негізінде анықталады. Аз механизациялы құралдары, қолмен жұмыс жасайтын және механизацияланған аспаптар есебінің мәліметтері Б.5 Кестеде келтірілген.

### 2.7 Техничко - экономикалық көрсеткіштер

Өндіріс жұмысы жобасының технико-экономикалық көрсеткіштері объект бойынша өндірістік қызметтер негізі болып табылады. Ол мыналардан құралады:

- жинақтау жұмыстарының жалпы ұзақтығы – 24 күн, соның ішінде талданатын тек қана жалпы ұзақтылық емес, сонымен қатар оны құрушылар: дайындау уақыты, жинақтауға тапсыру, жинақтаудың ұзақтығы және т.б. талданады;
- жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша жалпы еңбек шығыны – 93 адам·күн;
- жинақтау жұмысының механизациялау дәрежесі - 40%.

## **2.8 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау**

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосу, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу алдынан қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес келуін, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде алып тастау керек.

Сынақ кезінде жылыту жүйесінің негізгі сипаттамалары әшкереленеді және тексеріледі:

- жылыту аспаптарының қыздырылуының бір қалыптылығы;
- құбырлардың және жүйенің басқа элементтерінің тығыздалмай қалуы;
- жылыту жүйесінің қысымы мен температурасы.

## **2.9 Еңбек қорғау**

Бұл жұмыс 2015 жылы 23 қарашадағы №414 бекітілген ”Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі”, 2018 жылы 30 қарашада бекітілген ”Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексі” заңына, 2002 жылының 3 сәуірде бекітілген ”Қауіпті өндірістік объектілерінде өндірістік қауіпсіздік туралы” заңыны және 2003 жылы 08 ақпан айында бекітілген ”Төтенше жағдайының құқықтық режимі туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес болуы қажет.

Еңбекті қорғау дегеніміз тиісті заң және басқа да нормативтік актілердің негізінде еңбек процесінде адамның қауіпсіздігін, денсаулығы мен жұмыс қабілетін сақтауды қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру, техникалық гигиеналық және емдеу алдын алу шараларын білдіреді. Еңбектің қауіпсіздігі –жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерлері тимейтін еңбек жағдайының қалпы.

## **2.10 Қауіпсіздік техникасы**

Бұл дипломдық жобандағы ең қауіпті және зиянды факторларға техникалық қабатта орналасқан компрессорлық – конденсаторлық дірілі болып есептеледі. Шуды азайту жұмыстары диплом жобасының негізгі бөлімінде қарастырылған, ауатартқыштары өте жақсы қабылдауына тиісті зиянды шу

факторлары төмендетіліп алынған, жалюзді торлар, орталық ауабптауда орнатылған шудыөшіргіштер, ауатаратқыштардағы аэродинамикалық кедергілер. Ауатартқыштардың жүйесіне желдеткіштен берілетін діріл, иілгіш қондырғылардың арқасында кіре және шығар жерінде төмендетілді. Дірілдің (қолға локальді әсері, және жалпы адам ағзасына әсері) немесе комбинирленген (локальді және жалпы) мінезі, нерв жүйесіне кері әсері, ішқұрылысына, бұлшықетіне, сүйектеріне, көзіне, және с.с..

